

"Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп" 1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша" (коды 1971104, индексі 1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша", кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны мен оны толтыру жөніндегі нұсқаулықты бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі Төрағасының 2012 жылғы 1 қарашадағы № 304 Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2012 жылы 10 желтоқсанда № 8162 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 2014 жылғы 14 қарашадағы № 50 бұйрығымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті Төрағасының 14.11.2014 № 50 бұйрығымен (2015 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі).

«Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 19 наурыздағы Заңының 12-бабының 2) және 7) тармақшаларына сәйкес,
Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1 . М ы н а л а р :

1) «Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп» 1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша» (коды 1971104, индексі 1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысаны осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес;

2) «Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп» 1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша» (коды 1971104, индексі 1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша, кезеңділігі жылдық) жалпы мемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтыру жөніндегі нұсқаулық осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Заң департаменті Стратегиялық даму департаментімен бірге заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді қамтамасыз етсін;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде бұқаралық ақпарат құралдарына ресми жариялауға жіберсін;

3) Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің интернет-ресурсында

міндетті түрде жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің Стратегиялық даму департаменті осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Статистика агенттігі құрылымдық бөлімшелерінің және аумақтық органдарының назарына жеткізсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің жауапты хатшысына жүктелсін.

5. Осы бұйрық ресми жариялауға жатады және 2013 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Төраға

Ә. Смайылов


« К Е Л І С І Л Г Е Н »

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрі

Б. Жәмішев

2012 жылғы 16 қазан

	Мемлекеттік статистика органдары құпиялылығына кепілдік береді Confidentiality guaranteed by the organs of state statistics	Қазақстан Статистика төраға 2012 : бұйрығына			
	Жалпы мемлекеттік статистикалық байқау бойынша статистикалық нысаны Статистическая форма по общегосударственному статистическому наблюдению	Приложение Председателя Республики от 1 ноября			
Аумақтық органға тапсырылады Представляется территориальному органу	Статистикалық нысанды толтыруға жұмсалған уақыт, Время, затраченное на заполнение статистической формы, ч				
Статистикалық нысанды www.stat.gov.kz сайтынан алуға болады Статистическую форму можно получить на сайте www.stat.gov.kz	1 сағатқа дейін до 1 часа	1-2	2-4	4-8	8
Мемлекеттік статистиканың тиісті органдарына алғашқы статистикалық деректерді уақтылы тапсырмау, дәйексіздік » Қазақстан Республикасы Кодексінің 381-бабында көзделген әкімшілік в Несвоевременное представление, предоставление недостоверных первичных статистических данных в соответствии административным правонарушением, предусмотренным статьей 381 Кодекса Республики Казахстан «Об админис					
Статистикалық нысан коды 1971104	«Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қы 1 - ӨҚ статистикалық				
Код статистической формы 1971104	Приложение к статистической «Отчет о финансово-хозяйственной деятельности предприятия»				
1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша Приложение к статистической форме 1-ПФ	Есепті кезең Отчетный период				
Жылдық Годовая					
Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыратын заңды тұлғалар және жұмыс істейтіндердің тізімдік саны 50 адамнан тапсырады. Білім беру, денсаулық сақтау ұйымдары, банктер, сақтандыру компаниялары, зейнетақы қорлары, қоғам статистикалық нысанды					

Представляют юридические лица, осуществляющие предпринимательскую деятельность и филиалы иностранных работающих более 50 человек. Не представляют статистическую форму организации образования, здравоохранен общественные фонды, общественные объединения и холдинги.

Т а п с ы р у м е р з і м і —

Срок представления – 5 апреля

БСН коды код БИН

--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--	--

1. Өндіріс барысында пайдаланылған тауарлар мен қызметтерге және тауарлық-материалдық қорларға кәсіпорындардың шығыстары туралы деректерді толтырыңыз, мың теңге

Заполните данные о расходах предприятия на товары и услуги, потребленные в процессе производства и товарно-материальных запасах, тысяч тенге

Тауарлар мен қызметтердің атауы Наименование товаров и услуг	ЭҚТӨЖ ¹ коды Код КТВЭД	Пайдаланылған тауарлар мен қызметтер Использовано товаров и услуг	Қ о р л а р Запасы	
			ж ы л басындағы на начало года	ж ы л соңында на конец
		1	2	3
Б а р л ы ғ ы Всего				
негізгі қызмет түрі бойынша ² по основному виду деятельности				

¹ ЭҚТӨЖ - Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдер жіктеуіші Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми сайтында орналасқан.
КТВЭД - Классификатор продукции по видам экономической деятельности расположен на официальном сайте Агентства Республики Казахстан по

с т а т и с т и к е .

² Қажет болған жағдайда қосымша парақта жалғастырасыз.
При необходимости продолжите на дополнительных листах.

А т а у ы _____ М е к е н ж а й ы _____

Наименование _____ Адрес _____
_____ Телефон: _____

Э л е к т р о н д ы қ _____ м е к е н ж а й _____

Электронный _____ адрес _____

Орындаушының _____ тегі _____ және _____ телефоны _____

Фамилия и телефон исполнителя _____ Тел. _____

Б а с ш ы _____ (Т.А.Ә, қолы) _____

Руководитель _____ (Ф.И.О., подпись) _____

Б а с б у х г а л т е р _____ (Т.А.Ә, қолы) _____

Главный бухгалтер _____ (Ф.И.О., подпись) _____

М . О .

М.П.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Статистика _____ агенттігі _____ төрағасының

2 0 1 2 ж ы л ғы 1 қ а р а ш а д а ғы

№ 304 бұйрығына 2-қосымша

«Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп»

1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша (коды 1971104, индексі

1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша, кезеңділігі жылдық)

**жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын
толтыру жөніндегі нұсқаулық**

1. Осы Нұсқаулық «Мемлекеттік статистика туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 12-бабы 7) тармақшасына сәйкес әзірленген және «Кәсіпорындардың қаржы-шаруашылық қызметі туралы есеп» 1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша (коды 1971104, индексі 1-ӨҚ статистикалық нысанына қосымша, кезеңділігі жылдық) жалпымемлекеттік статистикалық байқаудың статистикалық нысанын толтырылуын нақтылайды.

2. Келесі анықтамалар осы статистикалық нысанды толтыру мақсатында қ о л д а н ы л а д ы :

1) қызметтің негізгі түрі – жалпы қосылған құны субъект жүзеге асыратын қызметтің кез келген түрінің жалпы қосылған құнынан асатын қызмет түрі;

2) қорлар – бұл қызмет көрсету кезінде немесе сату үшін өндіріс барысында пайдалануға арналған кәсіпорынның қысқа мерзімді активтері.

3. Статистикалық нысан есепті жылдың қорытындысы бойынша алғашқы деректерге (қойма есебінің карточкалары, актілер, тізілімдер, жүк-құжаттар, шот-фактуралар, талаптар, лимиттік жинақтама карталар, азық-түліктер мен материалдардың есеп кітаптары, түгендеу тіркелімі және тағы басқалары) және бухгалтерлік есептің (айналым тізімдемелерін, материалдар қозғалысы туралы есептер, анықтама-калькуляциялар, журнал-ордерлер) деректеріне қатаң сәйкестігімен толтырады.

Құндық көріністегі барлық көрсеткіштер ондық таңбасыз мың теңгемен сауда және көлік үстеме бағаларын есепке алумен, қосымша құн салығы және акцизбен толтырылады.

Статистикалық нысанның 1-бағанындағы «Пайдаланылған тауарлар мен қызметтер» өндіріс барысында шығындар ретінде тұтынылған немесе көшірілген, не өндіріс барысында түгел пайдаланылған (шикізат, материалдар, отын, жартылай өнімдер мен жинақтаушы бұйымдар, жұмыстың жекелеген түріне және басқа ұйымдардың қызметіне төленген ақы бойынша шығыстар) тауарлар мен қызметтердің құны көрсетіледі. Қайта сату үшін сатып алынған тауарлардың құны енгізілмейді.

Негізгі қорларға жататын тауарлар бойынша ағымдағы жөндеу шығыстары ғана көрсетіледі. Құрылыс жұмыстары бойынша ғимараттар мен имараттарды ағымдағы жөндеу ғана енгізіледі. Тауар немесе қызмет өндіруші сатып алған кезде емес, өндіріс барысына олардың кіруі кезінде есептеледі.

2 және 3-бағандардағы «Қорлар» бөлімінде кәсіпорынның меншік құқығына жататын қорлардың толық атаулары көрсетіледі.

Қорлар туралы деректер аяқталмаған өндірістің құнын ескерусіз тауарлардың түрлері бойынша талданып келтіріледі.

Өнімдердің (тауарлар мен қызметтердің) түрлері бойынша шығындар мен қорларды дұрыс бөлу үшін Қазақстан Республикасы Статистика агенттігінің ресми сайтында орналасқан Экономикалық қызмет түрлері бойынша өнім жіктеуіші (ЭҚТӨЖ) пайдаланылады.